

Үздіктер анықталды

**Мурат
ЖҮНІСҰЛЫ**

Арқалық қаласы әкімдігінің "Тілдерді оқыту орталығы" үш тілді – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген дарынды жастарды анықтау, қазақстандық патриотизмді нығайту, тілдік мәдениетті тәрбиелеу, өзге халықтардың тілі мен мәдениетін құрметтеуді қалыптастыру мақсатында қала жастары арасында "Тілдарын" олимпиадасын ұйымдастырды.

Тіл білгірлері бақтарын сынаған олимпиадаға қалалық оқу орындарынан 11 үміткер қатысып, үш кезең бойынша ("Тұсаукесер" қазақ тілін білуге, II-кезең ағылшын, ал III-кезең орыс тілін білу) бақтарын сынады.

Қазылар алқасы әрбір қатысушының тапсырмаларды орындағанда тілді қаншалықты меңгергенін сынға алды. Әрбір сөздің дұрыс дыбысталуына да жіті мән берілді. Сахна мәдениеті де назардан тыс қалмады.

Нәтижесінде: I орынды Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік пе-



дагогикалық институтының студенті Баян Шаяхмет иеленіп, олимпиаданың алдағы сәуір айында өтетін облыстық кезеңіне жолдама алды. II орынға Дарина Кенжеғалиева (АрқМК), III орынға Эльмира Байманова (АрқМПИ) мен Марат Мәдина (Ы.Алтынсарин атындағы гимназия) ие болып, бағалы сыйлықтар, дипломдармен марапатталды. Сондай-ақ, Арқалық политехникалық колледжінен Жасұлан Оразов, Еламан Мұрат, Арқалық медициналық колледжінен Әйгерім Төребек, Айя Қапсмет, АрқМПИ атынан қатысқан Айдана Бәкберген, Ұлдарай Таубаева,

Меңдікөл Болатқа орталықтың "Алғыс хаттары" табыс етілді.

– Бір емес бірнеше тіл білу – соншама ұлттың салтын біліп, санасын ұғумен тең. Олай болса, жаһандық кезең жастарының "Жеті жұрттың тілін білуге" деген талпыныстары арта берсін демекпіз.

Тілге зор құрмет көрсетіп, ниет білдірген М.Әуезов атындағы №5 орта мектебі, Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі мен Арқалық медициналық колледжінің білім алушыларына алғысымыз шексіз, – дейді ұйымдастырушылар.

Арқалық қаласы.